

ISSN 2411-6076 04

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ТІЛТАНЫМ

ЯЗЫКОЗНАНИЕ

ИНСТИТУТ ЯЗЫКОЗНАНИЯ ИМ. А.БАЙТҰРСЫНОВА
КОМИТЕТ НАУКИ МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ
И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

№4 (76) 2019

қазан, қараша, желтоқсан, 2019
октябрь, ноябрь, декабрь, 2019

2001 жылғы сәуірден бері шығады

Бір жылда 4 рет жарық көреді

Издается с апреля 2001 года

Выходит 4 раза в год

АЛМАТЫ

Р е д а к ц и я л ы к к ең е с :

Е.З.Қажыбек, филология ғылымдарының докторы, проф., ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі (бас редактор); **Ә.Т.Қайдар**, ҚР ҰҒА-ның академигі; **Р.Ғ. Сыздық**, ҚР ҰҒА-ның академигі; **Ө.Айтбайұлы**, ҚР ҰҒА-ның академигі; **З.Базарбаева**, филология ғылымдарының докторы, проф., ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі; **Т.Жанұзақов**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **Ә.Жүнісбек**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **Н.Уәли**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **Ж.Манкеева**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **М.Кирхнер**, Ю.Либих атындағы Гиссен университетінің (Германия) профессоры; **Ә.Д.Сүлейменова**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **Н.Демір**, Хаджеттепе университетінің (Түркия) профессоры; **М.Махмудов**, Әзірбайжан Республикасы Ғылым академиясы Тіл білімі институты директорының орынбасары, филология ғылымдарының докторы, проф.; **С.Ж.Мусаев**, И.Арабаев атындағы Бішкек университеті Лингвистика және әлем тілдері институтының директоры, Қырғыз Республикасы Ғылым академиясының корр. мүшесі, филология ғылымдарының докторы, проф.; **М.Джусупов**, Өзбек мемлекеттік әлем тілдері университеті, филология ғылымдарының докторы, проф.; **М.Малбаков**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **Д.К.Шомфай**, Венгрия Ғылым академиясы Этнология институтының ғылыми қызметкері, алтаистика мамандығының PhD докторы.

Р е д а к ц и я а л қ а с ы :

Ж.Манкеева, филология ғылымдарының докторы, проф. (нөмірдің жауапты редакторы), **Г.Көбденова**, **Д.Пашан**, филология ғылымдарының кандидаттары (жауапты шығарушылар).

Р е д а к ц и о н н ы й с о в е т :

Е.З.Қажыбек, доктор филологических наук, проф., член корр. НАН РК (главный редактор); **А.Т.Қайдар**, академик НАН РК; **Р.Ғ.Сыздық**, академик НАН РК; **Ө.Айтбайұлы**, академик НАН РК; **З.Базарбаева**, доктор филологических наук, проф., член корр. НАН РК; **Т.Жанұзақов**, доктор филологических наук, проф.; **А.Жүнісбек**, доктор филологических наук, проф.; **Н.Уәли**, доктор филологических наук, проф.; **Ж.Манкеева**, доктор филологических наук, проф.; **М.Кирхнер**, профессор Гиссенского университета им. Ю.Либиха (Германия); **Ә.Д.Сүлейменова**, доктор филологических наук, проф.; **Н.Демір**, профессор университета Хаджеттепе (Турция); **М.Махмудов**, доктор филологических наук, проф., заместитель директора Института языкознания Академии наук Республики Азербайджан; **С.Ж.Мусаев**, доктор филологических наук, проф., член корр. Академии наук Кыргызской Республики, директор Института лингвистики и мировых языков Бишкекского университета им. И.Арабаева; **М.Джусупов**, доктор филологических наук, проф., Узбекский государственный университет иностранных языков.; **М.Малбаков**, доктор филологических наук, проф.; **Д.К.Шомфай**, доктор PhD по специальности алтаистика, научный сотрудник Института этнологии Венгерской Академии наук.

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я :

Ж.Манкеева, доктор филологических наук, проф. (ответственный редактор номера), **Г.Кубденова**, **Д.Пашан**, кандидаты филологических наук (ответственные выпускающие).

Мемлекеттік тіркеу №1799-ж

Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінен

05.03.2001 жылы берілді

Государственный регистрационный

№1799-ж выдан 05.03.2001 года Министерством культуры,
информации и общественного согласия

А. Жилкубаева¹, А.Сапанова²

¹Филология ғылымдарының докторы, Өскемен қаласы, Қазақстан

²С. Аманжолов атындағы ШҚМУ магистрі, аға оқытушы, Өскемен қаласы,
Қазақстан

КӘСІБИ МӘТІНДЕР АРҚЫЛЫ МАМАНДЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ТЕРМИНДЕРДІ МЕНҒЕРТУ

Аннотация. Кәсіби мәтіндер – мамандыққа қатысты лексикалық минимумдарды қамтитын, белгілі бір мамандықты игеру үшін қажет кәсіби білім беретін күрделі қатысымдық бірлік. Әр сала бойынша білім алатын студенттер өздерінің таңдаған мамандықтарына қатысты мәтіндермен жұмыс істеу кезеңінде терминдерді өте жақсы қабылдайды және олармен қызыға жұмыс істейді. Осыған орай қазақ тілі сабағында көбінесе мамандығына қатысты кәсіби мәтіндермен жұмыс жүргізіледі. Кәсіби мәтінмен жұмыс жүргізудің мақсаты – студенттің мәтінді практика жүзінде игеруін жүзеге асырып, байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыруға икемдеу. Кәсіби мәтіндер – мазмұндық, тақырыптық тартымдылығымен ерекшеленіп, пәрменді лексика нормасына құрылған, мамандыққа қажетті ақпаратқа толы, кәсіби терминдері мол, студенттердің білім деңгейіне сай болуы шарт.

Мақалада кәсіби тілдік күзiреттiлiктi дамыту бойынша қызметтiк мiндеттердiң түрлерi келтiрiлген. Кәсіби мәтіндер – бұл белгілі бір мамандықты дамыту үшін қажетті мамандыққа байланысты сөздік минимумды қамтитын кәсіби бірлескен кәсіптік оқыту бөлімі. Әр салада білім алған студенттер өздері таңдаған мамандығына байланысты мәтіндермен және олармен жұмыс жасауды жақсы біледі. Кәсіби мәтіндер мазмұны, тақырыптық тартымдылығы студенттерге мамандыққа, кәсіби терминдерге қажетті толық ақпаратпен, тиімді лексика нормаларында құрылған білім деңгейіне сәйкес келуі керек.

Тірек сөздер: кәсіби мәтін, термин, лексикалық норма.

А. Жилкубаева¹, А.Сапанова²

¹ Доктор филологических наук, Усть-Каменогорск, Казахстан

² Магистр ВКГУ им. С. Аманжолова, старший преподаватель
Усть-Каменогорск, Казахстан

ВЛАДЕНИЕ ТЕРМИНОЛОГИЕЙ, СВЯЗАННОЙ С ПРОФЕССИЯМИ, С ПОМОЩЬЮ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ТЕКСТОВ

Аннотация. Профессиональные тексты – это сложная коммуникативная единица, содержащая лексические минимумы, относящиеся к специальности и дающая профессиональные знания, необходимые для освоения конкретной специальности. Студенты в каждой области при работе с текстами, относящимися к выбранной ими

специальности очень хорошо воспринимают термины и с удовольствием работают с ними. В связи с этим на уроках казахского языка часто работают с профессиональными текстами, относящимися к специальности. Цель работы с профессиональным текстом – адаптировать учащегося к формированию коммуникативных навыков через практическое усвоение текста. Профессиональные тексты характеризуются содержанием, тематической направленностью, построены на нормах эффективной лексики, полны информации, необходимой для специальности, насыщены профессиональными терминами, и должны соответствовать уровню знаний студентов.

В статье представлены виды функциональных задач по развитию профессиональной языковой компетенции. Профессиональные тексты – это раздел совместной профессиональной подготовки, включающий в себя словарный минимум в зависимости от специальности, необходимый для развития конкретной профессии. Студенты, получившие образование в различных сферах, хорошо разбираются в работе с текстами по выбранной специальности. Содержание, тематическая привлекательность профессиональных текстов должны соответствовать уровню преподаваемых знаний, сформированному в нормах эффективной лексики, с подробной информацией, необходимой для специальности и профессиональных терминов.

Ключевые слова: профессиональный текст, термин, лексическая норма.

A. Zhilkubayeva¹, A.Sapanova²

¹Doctor of Philological Sciences, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

²Master of EKSU named after S. Amanzholov, senior lecturer,
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

LEARNING OF PROFESSIONAL TERMS RELATED TO THE SPECIALTY THROUGH PROFESSIONAL TEXTS

Annotation. Professional texts are a complex communicative unit containing lexical minima related to the specialty and giving professional knowledge necessary for mastering a certain specialty. Students in each field, when working with texts related to their chosen specialty, perceive the terms very well and work with them with pleasure. In this regard, in Kazakh language lessons, they often work with professional texts related to the specialty. The purpose of working with a professional text is to adapt the student to the formation of communication skills through the practical assimilation of the text. Professional texts are characterized by content, thematic focus, built on the norms of effective vocabulary, full of information necessary for the specialty, saturated with professional terms, and must correspond to the level of knowledge of students.

The article presents the types of official duties for the development of professional language competence. Professional texts are a section of joint professional training, which includes vocabulary minima related to the profession, necessary for the development of a particular specialty. Students who have been educated in each field are well versed in working with texts related to their chosen specialty, and work with them. Content, thematic interest of professional texts should correspond to the level of taught knowledge, created in the norms of effective vocabulary, with detailed information, necessary for the specialty and professional terms.

Keywords: professional text, term, lexical norm.

Қазіргі қоғам талабына сай әр салаларда қазақ тілін студенттерге кәсіби мамандығына қарай баули оқыту кеңінен сұранысқа ие болуда. Себебі, бүгінгі студент – ертеңгі маманның алдында жаңа міндет – кәсіби лексиканы меңгеруді қажет етері айдан анық аксиома екені белгілі. Осындай талаптарды іске асыру барысында жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту ісінде жаңа міндеттер туындайды. Бұл мәселені кәсіби қазақ тілінде дұрыс сөйлей білетін, жоғары білімді мамандарды даярлау және олардың сөздік қорын кәсіби лексикамен дамытумен байланыстыруға болады. Осындай дағдыларды қалыптастыруда студенттердің сөздік қорын, кәсіби лексикасын дамыту ісі жақсы нәтиже берері сөзсіз. Бұл қазақ тілін мамандыққа сай оқытуды жақсартуды қажет етеді. Кәсіби жоғары деңгеймен қоса, жоғары оқу орнын бітірген маман өз бетінше шешім қабылдауда дербестік көрсете білетін, жауапкершілік сезімі жоғары, сыни ойлай алатын, кез келген жағдайға бейім, бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Өйткені кез келген маманның кәсіби дайындығының сапасы оның игерген білімімен ғана емес, оның өз бетімен мәселе қойып, оны шеше алатын іскерлігімен айқындалады.

Біз мақаламызда дефектология мамандығына арналған кәсіби мәтіндер арқылы терминдерді меңгеруге тоқталмақпыз. Тіл дамытудағы ең тиімді әдістердің бірі – мәтін бойынша жұмыс істеу. Сондықтан мәтіндер күнделікті тұрмыста қолданылатын, мамандық бойынша, төменгі және орта топ студенттеріне арналған мәтіндер болып топтастырылады. Студенттерді кәсіби мамандыққа бейімдей оқытудың нәтижесіне қарай құрастырылған ең жиі қолданылатын терминдермен жұмыс түрлері, дефектолог мамандығында оқитын студенттердің тілді талапқа сай игеру мүмкіндігін, тілге деген қызығушылығын, ынта-ықыласын арттырады. Қазақ тілін үйретуде студенттердің өздік жұмысын ұйымдастырудың басты факторының бірі ретінде тапсырмалар жүйесін қарастыруға болады. Тапсырмалар қатысымдық әрекеттердің (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым, тілдесім) түрлеріне байланысты іріктеледі. СӨЖ-ге ұсынылатын тапсырмаларды орындауда іскерлік ойын жүргізу, кейс, презентация жасау, дискуссияларды жүргізу, дөңгелек үстелдерді өткізу, бейнефильмдер көрсету әдістері газет-журналдардан алынған материалды түрлі тәсілдермен ресімдеу (конспект, реферат, аңдатпа жазу және т.б.), өзінің идеяларын қорғау, ұсыну, баяндама жасау, түрлі мәселелер бойынша мәліметтер дайындау, негізгіден жанама, қосымша материалды бөліп алу, иллюстрация, сызба, кестелер бойынша мәтін құрастыру, өзінің мысалдарын келтіру, қосымша пікір дайындау, қорытындылауға қатысу, экскурсиялар жасау, реферат сұрақтарын немесе тапсырмаға қатысты сұрақтар дайындау, әңгімелесу, мәтіннің мазмұнын өз сөзімен айтып беру немесе қойылған сұрақтарға жауап беру, жоспар құру, т.б. біліктер мен дағдыларды қалыптастырады.

Тілші-ғалым Б.Қасым мамандыққа қатысты тілді меңгеруде мынандай талаптарды ескеру қажет деп есептейді:

- студенттерді кәсіби мамандығы бойынша тілдесуге үйрету;
- мамандыққа байланысты тілдік қатынасқа түсу үшін әртүрлі жағдаяттар құру арқылы тілдік қатынастың қажеттілігін түсіндіру;
- дұрыс сөйлеу қатысымының түрлерін үйрету [1, 17].

Терминдермен жұмыс жасауда термин сөздердің аударылу және жасалу ерекшеліктеріне көңіл бөлу қажет. Жаңа сөздерді өткен грамматикамен байланыстырып түрлендіру, олармен сөз тіркестерін жасау, сөйлемдер құрастыру сияқты жұмыс түрлері

жаңадан үйренген атауларды есте сақтауға көп көмегін тигізеді. Тіл үйренушілерге терминдерді меңгерту үшін ең алдымен сөздік жұмысын дұрыс ұйымдастыра білу керек. Сөздіктермен жұмыс негізінен, белгілі бір мамандыққа байланысты аударма және түсіндірме сөздіктер көмегімен іске асатыны белгілі. Сондықтан әрбір сабақта сөздік жұмысын дұрыс пайдалануға тырысамыз. Таныс емес сөздердің мағынасын жан-жақты ашып, әр сөзге нақтылы талдау жасатып, ол сөздің стильдік мүмкіндігін тиімді пайдаланып отырамыз. Белгілі бір терминді сөздік арқылы меңгерту үшін ең алдымен, тіл үйренушінің өзіне берілген сөзді сөздіктен іздетіп, таптыру қажет; екіншіден, оны тақтаға жаздыртып, дұрыс айтуға машықтандыру қажет; үшіншіден, жаңа терминнің ұғымын кең ашу үшін оларды қатыстыра отырып, сөз тіркесін жасату, сөйлем құрату, ол сөздердің контекстегі мағынасын ашу қажет; төртіншіден, жаңа сөздерді тірек сөз ретінде пайдаланып, мәтін, диалог, әңгіме, құрастыру қажет. Тіл үйретуде сөздік жұмысын орнықты жүргізу – тіл үйренушінің тілін ұстартып, ойлау, сөйлеу дәрежесін жетілдіре түседі. Сөз мағынасын ашуда төмендегідей әдіс-тәсілдер қолданамыз:

– терминдердің қазақша баламасын ең алдымен өздеріне аударту, кейін сөздіктегі нұсқасымен салыстыру;

– салыстыру арқылы ұқсас белгілерді тапқызу;

– сөзді контекске енгізу;

– синоним сөздермен ауыстыру;

– антонимдер тапқызу;

– сөзге құрылымдық талдау жасату;

– түсіндірме немесе терминологиялық сөздіктерден қаратып, мағынасын ашу [2, 50]. Мұндай әдіс-тәсілдерді дұрыс қолданатын болсақ, мамандыққа қатысты терминдерді тиімді меңгерте аламыз. Әр терминді өз орнына дұрыс қолдана алатын, өз ойын дұрыс жеткізе алатын білімді маман даярлау үшін тіл дамыту жұмыстарын жүргіземіз. Тіл дамыту жұмыстарының барлық түрі лексикалық материал негізінде тіл үйренушілерге мәтіннің мазмұнын игеру барысында жүзеге асады. Мәтін-негізгі құрал. Мәтінді толық және дәл ұғыну оның ішіндегі сөздердің мән-мағынасын түсініп, білуге байланысты. Мәтінмен жұмыс түрлерін терминдерді меңгерту жолдарымен үйлестіре беру үшін:

– лексикалық тақырыпқа құрылған қазақша мәтіннен алынған жеке термин сөздердің мағынасын ашу;

– мерзімді басылым беттерінен алынған материалдың орысша мәтінін аударту, термин баламасына мән беруін қадағалау;

– өзара мағыналас бірнеше тірек сөз-терминдерді ұсынып, шағын мәтін құрастыру;

– мәтін ішіндегі түсінуге қиын сөздерден сөздік жұмысын жүргізу;

– мәтін ішіндегі термин сөздерді алып тастап, мазмұнына сәйкес толықтыру талап етіледі. Тіл үйренушілердің тілді білу деңгейіне қарай қазақ тілін оқыту екі топқа (бастауыш және жалғастырушы) бөлінеді. Бастауыш топта кәсіби сөздермен, сөз тіркестерімен, оңтайландырылып алынған мамандыққа қатысты мәтіндермен жұмыс жүргізілсе, ал жалғастырушы топта орыс мектебін бітіргендері болмаса, өз ана тілін біршама меңгерген, сөйлеу тілі қалыптасқан қазақ балалары оқиды. Сондықтан оларға көбінесе мамандықтарына байланысты тақырыптармен сабақтастыра, күрделенген кәсіби мәтіндермен жұмыс жүргізіледі. Кәсіби мәтіндер студенттерді мамандық тілін меңгертуге ерекше қызмет атқарады. Сабақ барысында кәсіби мәтінмен

жұмыс істеу тіл үйренушінің кәсіби сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, тілге деген қызығушылығының артуына, кәсіби лексиканы меңгеруіне игі әсерін тигізеді. Кәсіби мәтіндер негізінде студент мамандығы туралы білімін жетілдіреді, өзінің келешекте атқаратын жұмыстары туралы пайдалы, өте қажетті ақпараттар алады, кәсіби танымдары кеңейеді, сонымен қатар кәсібіне сай сабақта алған білімдерін болашақ қызметінде пайдалана алады.

Кәсіби мәтіндер – мамандыққа қатысты лексикалық минимумдарды қамтитын, белгілі бір мамандықты игеру үшін қажет кәсіби білім беретін күрделі қатысымдық бірлік. Әр сала бойынша білім алатын студенттер өздерінің таңдаған мамандықтарына қатысты мәтіндермен жұмыс істеу кезеңінде терминдерді өте жақсы қабылдайды және олармен қызыға жұмыс істейді. Осыған орай қазақ тілі сабағында көбінесе мамандығына қатысты кәсіби мәтіндермен жұмыс жүргізіледі. Кәсіби мәтінмен жұмыс жүргізудің мақсаты – студенттің мәтінді практика жүзінде игеруін жүзеге асырып, байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыруға икемдеу. Кәсіби мәтіндер – мазмұндық, тақырыптық тартымдылығымен ерекшеленіп, пәрменді лексика нормасына құрылған, мамандыққа қажетті ақпаратқа толы, кәсіби терминдері мол, студенттердің білім деңгейіне сай болуы шарт. Қазақ тілі сабағын студенттің мамандықтарына қатыстыра, тығыз байланыстыра оқыту студенттердің өз мамандығы жайлы мағлұматын кеңейтіп, кәсіптік ынтасын арттырады, әрі пәнге қызығушылығын күшейтеді. Қазақ тілін мамандықтарына орай оқыту – ғылым тілімен, оның терминдерімен тығыз байланысты. Сондықтан да тіл үйренушілердің мамандықтарына қатысты арнаулы мәтіндер арқылы кәсіби лексиканы өз саласының терминдері мен мамандар тілінде жиі қолданылатын оралымдарды білу керектігі көзделеді. Мәтінмен жұмыс жасау барысында лексика-грамматикалық тапсырмалар жүйелі болу керек. Мамандықтарына байланысты мәтіндерді іріктеп алған соң, сол мәтінді меңгеруде тек жалаң сөздер тізбегін беріп, оларды көшірумен я болмаса жаттаумен шектелуге болмайды. Сондықтан қай мамандықтың болмасын мамандығына байланысты терминді түсіндіруде сол саланың маманымен ақылдаса отырып, ой бөлісіп, оның глоссарийін жасау қажет. Өйткені белгілі бір ғылымды зерттеуші сол ғылымдағы ғылыми ұғымдарды ғылыми терминдер арқылы жүйелеп, түсіндіріп береді. Оның қыр-сырын айқындайды. Терминдерді қазақша түсіндіруде оның этимологиясына үңіліп, грамматикалық құрылысына тоқталады. Себебі қазақ тілінде кейбір сөздер бірнеше мағына беруі мүмкін. Мұндай жағдайлар мәтінмен жұмыс істеу барысында көптеп кездеседі. Мысал ретінде, «Кемтар балалар» атты мәтінмен жұмыс түрлерін ұсынамыз:

Кемтар балалар денесінің психикасы жағынан қалыпты дамуынан ауытқыған балалар. Мұндай балалардың дамуында елеулі кемістіктер пайда болады. Оларды кемтар балалар немесе кемістігі бар балалар деп атайды. Кемістік туа немесе жүре пайда болуы мүмкін. Баланың бойында туа пайда болған кемістіктер алуан себептерге байланысты. Мұндай кемістік түрлері олардың нәсілдік ерекшеліктерінен болуы да мүмкін. Алайда кемістіктің бұл түрлері сыртқы ортаның жағдайына тәуелді болып отыратындығын көрсетеді. Туа пайда болатын кемістіктер баланың ана құрсағындағы ұрығына химиялық, оқыс қимыл қозғалыстар, температураның теріс әсер етуінен немесе ұрықтың дұрыс қоректенбеуі сияқты түрліше жағдайларға байланысты дәйектейді.

Кеміс балалардың денесі мен психикалық дамуындағы ауытқуларды айырықша ескере отырып, олар арнайы мектептерде оқып тәрбиеленеді. Кеміс балалардың

кемістіктеріне орай/саңырау, нашар еститін/керең, соқыр, мылқау, ақыл-ойы кеміс/миақы, миқұла, милау/идиот/ және сөйлеу қабілетін жоғалтқан балалар болып бірнеше топқа ажыратылады.

Ақыл-ойы мен дене кемістігі бар балалардың түрлі ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеп-оқыту істері арнайы мектептерде, жүйелі түрде емдеп отыратын медициналық мекемелер арқылы жүзеге асырылады. Мұндай мектептер мен мекемелердің алдында қоятын мақсат-міндеттері кеміс балалардың мүшелерін емдеу арқылы жетілдіріп, бойындағы олқылықтарды оқу-тәрбие істерімен толықтырып отыруға бағытталған. Сөйтіп, ондай балаларға гуманистік көзқараспен қарап, қоғамның болашақ азаматтары етіп даярлау мақсаттарын көздейді. Арнайы мектептерді бітірген соң, одан әрі өз білімдерін көтеріп тиісті мамандықтарды игерулері үшін техникумдар мен кейбір жоғары оқу орындарына түсіп оқитын болады.

Оқылымға арналған тапсырмалар студенттердің мәтін мазмұнын сөздік арқылы толық түсіне білу, жоспар бойынша мазмұндай алу, өз пікірлерін білдіре алу, салыстыра білу қабілеттерін жаттықтырады:

1-тапсырма: Мәтінді кезекпен дауыстап оқыңыз (бір студентке де оқытуға болады).

Тыңдалымға арналған тапсырмалар студенттердің берілген мәтіннің мазмұнын бір естігеннен түсіне білу, маңызды ақпаратты ұғып алу, оны қажетке жарата білу қабілеттерін жаттықтырады:

1-тапсырма: Қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздерді тауып, фонетикалық норманы сақтап айтыңыз.

2-тапсырма: Мәтіндегі белгісіз сөздерді жазып алып, олардың аудармасын сөздік көмегімен анықтаңыздар.

Айтылымға арналған тапсырмалар студенттердің монолог және диалог құрастыра алуы, бір-біріне сұрақтар қойып, оларға жауап бере алуы қабілеттерін қалыптастыруға жаттықтырады.

1-тапсырма: Берілген сұрақтарға жауап беріңіз. Кемтар балалар деп қандай балаларды айтамыз? Кеміс балаларды қандай топтарға бөледі? Кеміс балалар қандай мектептерде тәрбиеленеді?

2-тапсырма: Аудиотаспадан әңгімені тыңдап, екі жақтың мамандығын анықтап, сол мамандықтар туралы алған ақпаратты айтып беріңіз.

3-тапсырма: Сіз таңдаған мамандық бойынша жұмыс істейтін адамнан интервью алуға қажетті сұрақтарды ойластырыңыз.

Жазылымға арналған тапсырмалар хат, шығармалар түрлерін, мақала, реферат, баяндама жаза білу қабілеттерін дамытады. Жазылым әрекетіне үйрету емлені игеру мен тілдік жаттығуларды жазбаша түрде орындауды көздейді:

1-тапсырма: Қандай мамандар кеміс балалармен жұмыс жасайды? Мамандардың атауларын жазыңыз.

2-тапсырма: Кемістік қандай себептермен пайда болады? Себептерін дәптерге жазбаша түрде көрсетіңіз.

3-тапсырма: Сөз тіркестерін аударыңыз. Туа пайда болатын кемістіктер, дене дамуындағы ауытқушылық, психикалық дамуындағы ауытқу, олқылық, саңырау, мылқау, ақыл-ойы кеміс.

4-тапсырма: Аударған сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырыңыздар.

5-тапсырма: Құрастырған сөйлемдерді қолдана отырып, «Кемтар балалардың әлемі» тақырыбына шағын эссе жазыңыз.

Ұсынылған тапсырмалар жүйесі қазақ тілін мамандыққа бейімдей оқыту әдістемесінің жүйелі қалыптасуына септігін тигізеді. Студенттердің алған білімдері болашақ мамандардың күнделікті өмірінде, кәсіби әрекетінде тілдік қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді. Білікті маман дайындау, білім беру – қоғам дамуының негізгі жолы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Қасым Б., Османова З. т. б. Кәсіби қазақ тілі. – Алматы, 2010. – 112 б.

[2] Ақаев С.Т. Терминнің тілдік және танымдық сипаты. – Алматы, 2002.

[3] Жилкубаева А.Ш., Изгуттинова Р.Т., Ибраева М.К. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әдістемелік құрал (әлеуметтік жұмыс мамандығының студенттеріне арналған). – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2013.- 97 б.

[4] Жилкубаева А.Ш. Кәсіби қазақ тілі. Оқу – әдістемелік құрал Дефектология мамандығы студенттеріне арналған. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2015. – 93 б.

МРНТИ 16.41.25

Н. Васильева

Научный сотрудник Института гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера СО РАН, к. филол. н.
Якутск, Россия

ЯКУТСКАЯ ОРФОГРАФИЯ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

Аннотация: Общие тенденции становления и развития якутской орфографии характеризуются весьма сложной, несоразмерной периодичностью, активным критическим освоением опыта предыдущих этапов в разработке орфографических принципов, переходом от объективно-стихийной нормализации к научно обоснованной стабилизации языка письменной литературы. Осмысление качественного своеобразия каждого периода развития якутской орфографии свидетельствует о том, что в настоящее время отсутствует необходимость в реформировании якутской орфографии.

Статья посвящена современному состоянию орфографии якутского языка. Особое внимание уделяется новому изданию орфографического словаря якутского языка, предназначенному для удовлетворения современных реалий языковой ситуации в республике.

Ключевые слова: якутский язык, орфография, якутская орфография.

Н. Васильева

РҒА СБ Гуманитарлық зерттеулер және Солтүстіктің байырғы тұрғындарының проблемалары институтының ғылыми қызметкері, филол. ғыл.канд.
Якутск, Ресей

ҚАЗІРГІ КЕЗЕНДЕГІ ЯКУТ ОРФОГРАФИЯСЫ

Аннотация. Якут орфографиясының қалыптасуы мен дамуындағы жалпы тенденциялар өте күрделі, мөлшерсіз кезеңділікпен, орфографиялық принциптерді дамытудағы алдыңғы кезендердің тәжірибесін белсенді түрде игерумен, жазба әдеби тілдің объективті стихиялық нормалаудан ғылыми негізделген тұрақтылыққа көшуімен сипатталады. Якут орфографиясының әр даму кезеңінің сапалық бірегейлігін пайымдау қазіргі кезде якут орфографиясын реформалаудың қажеттілігі жоқ екендігін көрсетеді. Бұл мақала якут тілінің орфографиясының қазіргі жағдайына арналған. Якут тілінің орфографиялық сөздігінің республикадағы тілдік ахуалдың заманауи шындықтарына жауап беруге арналған жаңа басылымына ерекше назар аударылды.

Тірек сөздер: якут тілі, орфография, якут орфографиясы.

N. Vassilyeva

Researcher of the Institute for Humanitarian Research and Problems of Indigenous Peoples of the North, SB RAS cand. philol. sciences
Yakutsk, Russia

YAKUT ORTHOGRAPHY AT THE PRESENT STAGE

Annatation. The general trends in the formation and development of Yakut orthography are characterized by a very complex, disproportionate periodicity, active critical development of the experience of previous stages in the development of spelling principles, the transition from objectively spontaneous normalization to scientifically grounded stabilization of the language of written literature. Comprehension of the qualitative uniqueness of each period in the development of the Yakut orthography indicates that there is currently no need to reform the Yakut orthography.

The Article is devoted to the current state of the Yakut orthography. Special attention is paid to the new edition of the spelling dictionary of the Yakut language, designed to meet the modern realities of the language situation in the Republic.

Keywords: Yakut language, spelling, Yakut orthography

С конца 80-х годов XX века начались значительные изменения в языковой политике и языковом строительстве Республики Саха (Якутия) (далее – РС(Я)), развернулись дискуссии о государственном статусе якутского языка, вокруг Концепции развития национальной школы, об основах и содержании Закона «О языках в РС(Я)». В центре внимания стоял вопрос о новой редакции орфографического словаря якутского языка, и с 1994 по 2000 год велась активная научная деятельность, направленная на упорядочение якутской орфографии при Институте гуманитарных исследований АН РС(Я). В 2001 году Правительством РС(Я) были утверждены Правила якутской орфографии и изданы в 2002 году вместе с «Орфографическим словарем якутского языка» (далее – ОСЯЯ), охватывающим 41500 слов и словоформ. Словарь, по признанию его **редколлегии**, носил экс-периментальный характер и **был представлен как «словарь переходного периода»**, поскольку допускал написание ряда заимствованных слов в двух вариантах: в фонетизированном виде и русском начертании. С изданием ОСЯЯ в республиканских печатных изданиях публиковались разные мнения в отношении действующей орфографии. Читателей больше всего волнует вопрос о правописании заимствованных слов в двух вариантах, не все согласны с таким нововведением. П.А. Слепцов для решения данных проблем выдвигает следующие задачи: 1) внести в правила орфографии некоторые дополнения; 2) издать орфографический словарь якутского языка с улучшениями и дополнениями; 3) подготовить школьный орфографический словарь, а также методический справочник по орфографии для учителей якутского языка; 4) подготовить справочник о фонетизации заимствованных слов с приложением списка фонетизированных широкоупотребительных заимствованных слов, распространенных в последнее время в письменной практике; 6) широко информировать в СМИ о необходимости придерживаться орфографического режима в республике [3].

В связи с этим распоряжением Правительства РС(Я) от 30 октября 2012 года был утвержден состав редакционной комиссии по переработке орфографических и пунктуационных правил якутского языка и орфографического словаря якутского языка для второго издания. Орфографическая комиссия провела большую работу над проектом новой редакции Правил орфографии и пунктуации и орфографического словаря современного якутского языка, где основной упор делается фонетизированию заимствованных слов, а также вопросам орфографирования коренных якутских слов. Целью данного проекта является унификация орфографических норм и утверждение единого орфографического режима для создания оптимальных условий функционирования якутского языка как государственного на территории республики, разработка исправленной, дополненной редакции ОСЯЯ, отвечающего современным реалиям языковой ситуации в республике.

Анализ «Орфографического словаря якутского языка» 2002 г. выявил ряд требующих решения вопросов. Так, словарь содержит большое количество слов с фонетическими вариантами типа: барыннаа-боруннаа, бумур-муомур, быраан-мыраан, тарбыйах-торбуйа, дэһимизэн-нэчимизэн, кэридэх-кэрэдэх, чөккөй-чөркөй и т.д. Обнаружен массив диалектных слов, имеющих параллели в литературном языке: дэлэбинэ (лит. дэлэбэ), дыанта (лит. *болбукта*), көкөчө (лит. *куруунньук*), мөрө (лит. күтэр), саарыны (лит. акаары), ыпчаа (лит. кыараа) и т.д.

В связи с обнаруженными недочетами, в новой редакции словаря внесен целый ряд изменений. **В словарь введены** ранее не охваченные исконные слова с орфограммами и заимствования, освоенные якутским языком, нуждающиеся в кодификации: *ап, байтаһын, биллэх, бэргэн, бутарах, дэйбиш, исписэлиис, кырыыһа, кыччаа, пахуот, сэрэхэчий, халкуос, харарбаа, чэчиэринньик, кэччэгэй, кээнчэ*; устаревшие или устаревающие слова, например: *боччук, баһырбас, килиэбинэ* и т.д.; неологизмы: *мадьыны, мааллаа, урбаан, урбаанньыт, Ил Дархан*; названия религиозных праздников и астрономических наименований, которые пишутся с прописной буквы, например: Ороһуоспа, Охоноһойоп, Бөтүрүөп, Былабаачыан-ньыйап, Киристиэп, Кириһинньэ; Аранас Сулус, Мэндэнэ, Чолбон, Хотугу Сулус и т.д.

Значительно расширен список парных и сложных слов с дефисом и без дефиса типа: *бай-тай, унуох-иниэх, күөрэ-ланкы, туос иллэн, хамныыр харамай*, тыл-өс, күүс-күдэх, күрүөх-билэ, күүгүн-хаабын, илэ-сала, бөбө-таба, марай-сарай, туман-имээн, утары-таары, эргин-урбаан и т.д.

Проведена работа и по упорядочению изобразительных слов, которые в основном своем массиве не поддаются орфографированию. В связи с этим некоторое количество изобразительных слов осталось за пределами словаря, в том числе и так называемая пейоративная лексика. Заметному сокращению подверглись диалектные слова, имеющие параллели в литературном языке.

Наиболее сложным вопросом якутской орфографии является наличие в разговорном языке огромной массы вариантных слов. Еще в 50-х гг. XX века было выявлено свыше 5 тысяч общеупотребительных вариантных слов [4]. К ним следует прибавить еще большее количество производных. Слова эти имеют свыше десяти и более вариантов. Орфографическая комиссия тщательно изучила различные варианты слов, традиции их употребления и орфографистам удалось во многом удовлетворительно решить этот сложный и основной вопрос якутской орфографии. Из двух-трех вариантов слова, ранее зафиксированных в словаре как нормативные, предпочтение отдано тому варианту, который по результатам исследования установлен как наиболее широко употребляемый в письменной практике. Редколлегия сочла возможным исключить из словаря также слова, правописание которых в силу устоявшейся традиции не вызывает затруднений, и, наконец, заимствованные слова, относящиеся к области общественно-политической, научно-технической лексики, которая не поддается фонетической обработке, типа: *гроссмейстер, неолит, полиграфия, фортепьяно*, и пишется в исходной форме.

Особняком стала важная задача по установлению норм правописания заимствованных слов, в отношении которых допускались два варианта написания, например: академик – *акадьыамык*, банкет – *банкыат*, вертолет – *бөртөлүөт*, журналист – *суруналыыс*, конкурс – *куонкурус*, культура – *култуура*, офицер – *эписиэр*, промышленность – *бырамыысыланнас*, рюкзак – *үрүсээк*, студент – *устудьуон* и т.д.

Для решения этой задачи Институтом гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера СО РАН была предпринята инициатива по отслеживанию материала периодической печати на якутском языке на предмет выявления доминирующего варианта в написании иноязычной лексики. Начиная с 2003 г. проана-

лизированы отдельные номера республиканских газет: «Саха сирэ», «Ил Түмэн», «Кыым», «Киин куорат», «Кэскил», «Гуймаада», выборочно улусных (районных) газет, как средств, наиболее точно отражающих современные тенденции происходящих в языке изменений. Как показало исследование, в целом, в периодической печати в этом аспекте наблюдается разнობой. Так, в газете «Саха сирэ» заимствованные слова в основном передавались в русском начертании, но, по сравнению с 2003 годом, в последние годы наблюдается стремление к фонетизации заимствованных слов. Ежедневная газета «Кыым» чаще отдавала предпочтение фонетизированному варианту заимствованных слов, иногда в ущерб якутскому эквиваленту, например: *учубунньук* вместо *үөрэнэр кинигэ* (учебник), *сизркэп* вместо *тангара дьиэтэ* (церковь), *сэкириэт* вместо *кистэлэн* (секрет) и др. Вместе с тем необходимо отметить ее положительную роль в последовательном и целеустремленном распространении и укоренении в письменной практике фонетизированных форм заимствованных слов [1].

Что касается широкопотребительных слов из числа заимствованных, то установлено, что во всех рассмотренных газетах прочно закрепилось их правописание в фонетизированном виде, например, *бэрэстэбиитэл* «представитель», *бэрэссэдээ-тэл* «председатель», *бырабыыталыстыба* «правительство», *дириэктэр* «дирек-тор», *куонкурус* «конкурс», *куурус* «курс», *судаарыстыба* «государство», *суруналы-ыс* «журналист», *уорган* «орган», *устудьуон* «студент», *уопут* «опыт», *лимит* «лимит» и т.д.

С учетом результатов наблюдения в словник включены заимствованные слова, фонетически освоенные якутским языком и утвердившиеся в письменной практике, например: *биисинэс*, *киибэр-эйгэ*, *куонкурус*, *суруналыыс*, *түөркэ*, *кэнсиэр*, *лүөччүк*, *испэктээк*, *хадатаайыстыба*, *худуоһунньук*, *истирис*, *дьаабылыка*, *ырыынак* и т.д.

Результатом данного проекта является утверждение Правительством Республики Саха (Якутия) от 22 декабря 2015 г. Правил якутской орфографии и пунктуации и на их основе издание «Орфографического словаря якутского языка», включающего около 32000 слов и словоформ [2].

Таким образом, общие тенденции становления и развития якутской орфографии характеризуются весьма сложной, несоразмерной периодичностью, активным критическим освоением опыта предыдущих этапов в разработке орфографических принципов, переходом от объективно-стихийной нормализации к научно обоснованной стабилизации языка письменной литературы. Осмысление качественного своеобразия каждого периода развития якутской орфографии свидетельствует о том, что в настоящее время отсутствует необходимость в реформировании якутской орфографии. Изучение этапов развития якутской орфографии показывает, что любая попытка внести изменения в орфографию встречает сопротивление общества, которое предпочитает пусть нелогичное, но привычное написание. В связи с этим одной из важнейших задач видится общественно-просветительская работа, повышение языковой и орфографической культуры общества.

СПИСОК ЦИТИРУЕМОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

[1] Васильева Н.М. Современные тенденции в соблюдении орфографических норм якутского литературного языка // Северо-Восточный гуманитарный вестник. – Якутск: Изд-во ИГиИПМНС СО РАН, 2019. – № 3. – С. 86-92.

[2] Сахалыы таба суруйуу тылдыгыта (Орфографический словарь якутского языка). – Якутск: Бичик, 2015. – 480 с.

[3] Слепцов П.А. Таба суруйуу тылдыгытын туһунан (Об орфографическом словаре якутского языка) // Кыым. – 2012. – 7 июня.

[4] Харитонов Л.Н., Барашков П.П. О правилах якутской орфографии. – Якутск: Кн. изд-во, 1956. – 23 с.

МРҒТИ 16.21.61

В. Momynova¹, U. Anessova²

¹Professor, Doctor of Philology, A.Baitursynuly Institute of linguistics
Kazakhstan, Almaty

²Ph.D., Al-Farabi Kazakh National University
Kazakhstan, Almaty

HYBRID WORDS IN KAZAKH
(based on the Mass Media materials)

Annotation. Thousands of words rapidly used as the result of language contact and bilingualism in Kazakhstan make Kazakh linguists worry about the vitality of the Kazakh Language. The economic, political, scientific and technical development and the opportunity of using different technical tools and its expansion, mostly via media, directly effects on the usage of borrowings in languages in the process of hybridization... In the process of hybridization, two types of languages can be involved: donor language and recipient language. The article presents several examples and types of hybrid words in the Kazakh language.

Keywords: hybrid blends, media, language contact, semantic patterns, optical image.

Б. Момынова¹, У. Әнесова²

¹Профессор, филология ғылымдарының докторы, А.Байтұрсынұлы
атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы

²Ph.D., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ГИБРИДТІК СӨЗДЕР (МАССМЕДИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Аннотация. Қазақстандағы тілдік байланыс пен екі тілділік нәтижесінде қолданылатын мыңдаған сөз қазақ лингвистерін қазақ тілінің өміршеңдігі туралы ойлануға мәжбүрлейді. Экономикалық, саяси байланыстар, ғылыми-техникалық даму және түрлі техникалық құралдарды пайдалану мүмкіндігі сөздердің таралуына және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таралуына әсер етеді, гибридтену процесінде қазақ тілінде кірме сөздерді пайдалануға тікелей әсер етеді. Гибридтену процесінде тілдің екі түрі: донор тілі және реципиент тілі іске қосылуы мүмкін. Мақалада қазақ тіліндегі гибридтік сөздердің бірнеше үлгілері мен типтері берілген.

Тірек сөздер: гибридті араластыру, медиа, тілдік байланыс, семантикалық бояу, оптикалық сурет.

Б. Момынова¹, У. Анесова²

¹Профессор, доктор филологических наук, Институт языкознания им.
А.Байтұрсынова, Казахстан, Алматы

² Доктор философии (PhD), Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Казахстан, Алматы

ГИБРИДНЫЕ СЛОВА В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ (НА МАТЕРИАЛАХ МАССМЕДИИ)

Аннотация. Тысячи слов, используемых в результате языкового контакта и двуязычия в Казахстане, заставляют казахских лингвистов задуматься о жизнеспособности казахского языка. Экономические, политические связи, научно-техническое развитие и возможность использования различных технических средств, влияют на распространение заимствованных слов, также через средства массовой информации, непосредственно влияют на использование заимствований в казахском языке в процессе гибридизации. В процессе гибридизации могут быть задействованы два типа языка: язык донора и язык реципиента. В статье представлены несколько моделей и типов гибридных слов в казахском языке.

Ключевые слова: гибридные смешивания, медиа, языковой контакт, семантический окрас, оптический образ.

Introduction

The economic, political and cultural communication among different language carriers (countries, nations, consumers), and also the development of computing, science, and technologies, techniques lead to the fact that the number of borrowings is increasing and word formation process is challenging. Derivation of the word, first of all, is connected with the perception of it and searching for the proper word in native language or adaptation of it through interpretation of half-translation, where the most urgent factor is to carry the correct and full meaning of the word.

Donor languages are mostly expansion ones, which have a high international status such as English and Russian, which today functions and widening in many social spheres in Kazakhstan. These languages influencing and became the donor language not only for Kazakh but also to many other languages. Kazakh language, in this case, under these conditions, is considered as a recipient language.

There is also another language which the Kazakh Language contacts with and borrow a lot of words. This is the Arabic and Persian language, which is closely related and derived from religion, especially Muslim religion, and influencing the scientific style of literary language. A lot of words have been changed by such Arab-Persian words as “iftar” (in Kazakh *guys ashar* – meal ritual after a post in the period of Ramazan) or “Ramazan” which is also named as “Oraza” in Kazakh, but the meaning still remains.

1. Terminology

In many scientific works, hybrid words are known as constructions such as MP4-плеер (MP4-player), 3D-фильм (3D-film), VIP-бөлмеше (VIP-room). These words are usually constructed from foreign language abbreviation and native word, which give only one certain semantic meaning and usually we don't need any interpretation of abbreviation. The fact is even people use these kinds of constructions, they even don't know what this abbreviation is for. However, today Kazakhstani scientists use the term «hybrid words» for words which have foreign language lexical components.

Modern neology is connected with the transformation of word forms (in primary structure form), graphic derivatives, graphic variants, graphics and orthographic forms, which make a group of words is called as hybrid words or hybrid blending. Russian linguistics concern these

structures as new lexemes and give a variety of terms: hybrid words, centaur-words, creolized words. In Kazakh, the term «hybrid» is nominated as «khospa» (adding), or “budan” (half-blooded). For the reason that these two words are not still used widely and don’t give full meaning of it as a term, we use the term «hybrid». Thus, if to choose between two, we incline to the term “khospa” (adding).

2. Hybridization in the Kazakh Language

The effect of one language to another and its occurrence is different and we can see the following results: first, emerging of hybrid words in the language, increasing of its number, its establishment in language.

Hybridization is a phenomenon which is appeared in many languages. No doubts that this process strengthens positions as the phenomenon in general. There are several reasons why the Kazakh language also is faced with it, considering that the country is in the integration process: a) most of the scientific and technical discoveries are from other countries; b) social and political changes, influence of news and adaptation to the life model of donor languages countries; c) economic advantage of those countries; d) crucially, strengthening of written communication which is based on writing.

